

**2-тур**  
**Айтылым және сөйлесім**  
**10-сынып**

1. Ағаш жемісімен құнды, адам – ісімен.
2. Егінді жабайы шөп аздырар, ерді еріншектік аздырар.
3. Көңілсіз бастаған іс көпке бармайды.
4. Кең болсаң, кем болмайсың.
5. Ештен кеш жақсы.
6. Өнер алды – қызыл тіл.
7. Тілден тілдің кеңдігі болғанымен, кемдігі жоқ.
8. Сабыр түбі – сары алтын.
9. Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер.
10. Жаман ағайын бар болсаң, көре алмайды.  
Жоқ болсаң, бере алмайды.
11. Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.
12. Көз қорқақ, қол батыр.
13. Ағаш тамырымен мықты, адам дос-жарымен мықты.
14. Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде.
15. Маңдайы терлемегеннің қазаны қайнамайды.
16. Сиыр сыйпағанды білмейді, жаман сыйлағанды білмейді.
17. Ортақ өгізден оңаша бұзау артық.
18. Көргенді кісі көргенін айтар, көргенсіз кісі бергенін айтар.
19. Біреуге ор қазба, өзің түсерсің.
20. Жақсы өз басынан көреді, жаман жолдасынан көреді.